

**Тамақтану сапасын мерзімдік бағалау бракераж комиссиясы**  
**Хаттама №4**

18.12.2025 жылы тамақтың сапасын мерзімдік қадағалау комиссиясы кеңесінің отырысы болып өтті.

**Комиссия құрамы:**

1. Б.Епенова - комиссия төрайымы, мектеп директоры;
  2. Б.Бермағанбетова – комиссия мүшесі, ДШЖО
  3. Р.Бесбаева – комиссия мүшесі, мектеп медбикесі;
  4. С.Сағынғалиева – комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог;
  5. Ж.Сугирова – комиссия мүшесі, ДОИЖО;
  6. С.Надирбаева – комиссия мүшесі, ата-ана;
  7. Л.Шалбарбаева – комиссия мүшесі, ДТІЖО
- Қатысқаны: 4 адам

**Күн тәртібінде**

1. Ас әзірлейтін блоктың қызметкерлердің медициналық тексеруден өтуі
2. Толық тазалау жұмысының сапасы
3. II тоқсан бақылау комиссиясының есебі
4. Ас мәзірін қадағалау.

**Тыңдалды:**

1. Медбике Р.Бесбаева ас әзірлейтін блоктың, қызметкерлердің медициналық тексеруден өтуі туралы айтып өтті.
2. ДШЖО Б.Бермағанбетова тазалау жұмысы, оның тексеру нәтижесін айтып өтті.
3. II тоқсан бақылау комиссия есебімен әлеуметтік педагог С.Сағынғалиева таныстырды.
4. Қаңтар айына 2 апталық жасақталған ас мәзірі және ас мәзіріндегі зиянды тағамдардың жоқ екендігі туралы медбике Р.Бесбаева айтып өтті.



**Сөйлеу:**

1. ДШЖО Б.Бермағанбетова: Асхананың ішкі ас блогы, асхана залы тазылығы, тамақ берілісі жақсы. Аптаның соңғы жұмыс күні толық тазалау күні боп бекітілген. Барлық асхана қызметкерлері бірігіп, тазалау жұмыстарын жүргізеді.
2. С.Сағынғалиева: Мектеп асханасының ұйымдастырылуы, тамақ берілісі, тазалығы жақсы. Тамақ уақытылы дайындалып, балаларға ұсынылады. Ең бастысы оқушыларға тамақ ұнайды. Оқушылардың күнделікті тамаққа қатысуын медбике толтырып, тексеріп отырады.
3. Мектеп медбикесі Р.Бесбаева: асхана қызметкерлері медициналық тексеруден өз уақытында өтіп отыр.

**Қаулы:**

Е.Айшуақұлы атындағы орта мектебінің тамақтану сапасын мерзімдік бағалау бракераж комиссиясының отырысы болып өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қаулы етеді:

1. Ас әзірлейтін блоктың қызметкерлердің медициналық тексеруден уақытымен өтуін қадағалау Р.Бесбаеваға міндеттелсін.
2. Тамақтанудың табиғи нормаларын сақтау, тазалықты қадағалау комиссия мүшелеріне міндеттелсін.
3. Комиссия есебі қанағаттандырарлық деп есептелсін. Ай сайынғы ыстық тамақтың тексеру қорытындысы бойынша қанағаттандырарлық деп баға берілді.
4. Ас мәзірі бойынша ыстық тамақ берілсін.

Жиналыс төрайымы:  Б.Епенова  
Жиналыс хатшысы:  С.Сағынғалиева